

## 14-апта

### № 27-28 Дәріс тақырыбы Синтаксис және сөз тіркесі

1. Синтаксистің зерттелу тарихынан
2. Сөз тіркесі және оған тән басты белгілер
3. Сөз тіркесінің құрылымы және түрлері

1. Грамматиканың синтаксис саласының қарастыратын негізгі мәселелері сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу амалдары мен формалары. Бұл мәселелерді жеке-жеке тоқталып түсіндірмейміз, себебі ол, К.Аханов айтқандай, «грамматиканың жалпы теориясының міндетіне емес, жеке бір тілдің грамматикасының, оның ішінде синтаксис саласының, міндетіне» енеді. Сондықтан біз бұл курста сөз тіркесі мен сөйлемге тән басты белгілер, олардың құрылымы мен лингвистикалық табығатына қатысты жалпы теориялық мәселелерге тоқталамыз.

Синтаксис сөзі гректің *syntaxis* сөзінен шыққан, мағынасы «құру, біріктіру», грамматиканың бір саласы. Синтаксис сөздердің өзара тіркесуін, тіркесудің тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестерінің құрамын, сөйлемнің құрылуын, құрамын, түрлерін, мәтіннің құрылысын, құрылу заңдылықтарын, түрлерін қарастырады. Осыған орай синтаксис мынадай түрлерге бөлінеді: а) сөз формасы не сөзтұлға синтаксисі, ә) сөз тіркесі синтаксисі, б) сөйлем синтаксисі, ол іштей екіге бөлінеді жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі, және в) мәтін синтаксисі. Сөзтұлға синтаксисі белгілі бір тұлғадағы толық мағыналы сөздің өзі сияқты басқа сөз тіркесі мен сөйлемнің сыңары не мүшесі бола алу мүмкіндіктерін зерттейтін сала. Сөз тіркесінің синтаксисі сөздердің тіркесімдік қасиетін, олардың тіркесу қасиеті мен түрлерін, сөз тіркесінің құрамын, түрлерін қарастырады. Сөйлемнің синтаксисі сөйлемнің құрылу принциптерін, сөйлемнің құрамын, олардың түрлерін қарастырады. Мәтін синтаксисі тілдік жүйедегі ең жоғарғы саты, ол әр түрлі деңгейдегі мәтіндердің құралу ерекшеліктерін, олардың құрамындағы сөйлемдердің байланысу заңдылықтарын мен қарым-қатынасын зерттейді.

Қазақ тілі синтаксис саласының тарихына қысқаша тоқталсақ. Синтаксис нысандары мен терминдері А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» еңбегінің үшінші кітабында баяндалған. Қазақ синтаксисінің ғылыми тұрғыдан зерттелуі ХХ ғасырдың 40 жылдарынан басталады. 1930-40 жылдары біраз грамматикалық еңбектер шыққан. Алдымен сөйлем синтаксисі зерттелген, жай сөйлем және құрмалас сөйлем мәселелері қарастырылған. 1936 жылы Қ.Жұбанов грамматикасы шыққан, сөйлем мүшелерінің тәртібіне қатысты тарихына арнап еңбек жариялаған: «Из истории порядка слов в казахском предложении» (1936). «Ауыл мұғалімі» журналында «Жаңа грамматиканың жаңалықтары» деген мақаласы шыққан. 1939 жылы Қ.Жұбановтың, С.Аманжолов пен Н.Сауранбаевтардың оқулықтары шыққан. Сөз тіркесінің зерттелуі 1950 жылдардан басталады. Осы жылдары шыққан зерттеулерде сөз тіркесі синтаксисі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, жеке қарастырыла бастаған. 40 жылдары С.Аманжоловтың «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» еңбегі шықты. Елеулі еңбек болып 1954 шыққан «Қазіргі қазақ тілі» грамматикасы есептеледі. Кемшіліктері бар еңбек, бірақ грамматиканы алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттеген еңбек болып табылады.

Синтаксистің қазіргі қалпы, теориясы бірден жасалған жоқ. Әр түрлі қайшылықты теориялар болды. Мысалы, сөз тіркесі алғашқыда сөз таптарының емес сөйлем мүшелерінің тіркесі деп түсіндірілді. Сөз тіркесі деп алғашқыда салаласа да, сабақтаса да байланысатын сөздердің тіркесімі аталды. Кейіннен салаласа байланысатын сөздердің тіркесімі сөз тіркесі бола алмайтындығы дәлелденді. Анықтауыштық сөздер тіркесімін анықтауда да біраз қайшылықты түсіндірулер болды. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді деген тұжырым кейіннен 1967 жылғы грамматикада айтылғанымен, кейінгі зерттеулерде «біршама» атрибуты түсіп қалып, қазір қайтадан «біршама аяқталған ойды білдіреді» деп тиянақталды. Кейіннен аяқталған ойды мәтін ғана бере алатындығы мәтін синтаксисі саласындағы зерттеулерімен ашылды.

2. Сөздердің басты грамматикалық қасиетінің бірі - олардың тіркесе алу қабілеттілігі. Сөздердің тіркеске түсу қабілеттілігі әрбір грамматикалық топтағы сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты. Кейбір ғалымдар сөз тіркесі мен сөз тіркесімділігін ажырата қарайды. Ә.Аблақов бұл жөнінде: «Сөз тіркесімділігі дегеніміз ең кіші синтаксистік контекст құрауға негіз болатын, сөздің мағыналық сыйымдылығына сүйенетін грамматикалық конструктивтік (жалғастырушылық) қасиет, яғни тіркесімділік контексте, қос мүшелі тіркесте көрінеді», - дейді [Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы, 1997, 216.]. Ғалымдар сөз тіркесімділігі көрінетін контекстерге сөздердің аналитикалық формаларын (жазып отырмын, өте жақсы т.б.), түйдекті тіркестерді (ермек үшін, телефон арқылы), сөз тіркестерін, предикаттық қатынастағы орамдар мен жалаң сөйлемдерді (қаулы қабылданды, ол сөйледі) жатқызады. Ғалым С.Исаев: «Тіркесімділік – сөздердің тек грамматикалық (синтаксистік) қызметі ғана емес, лексикамен, сөздердің ішкі мағына сыйымдылығымен, семасиологиямен тығыз байланысты» екенін айтады [Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. Алматы, 1973, 140]. М.Балақаев пен Т.Сайрамбаев (1997) «тіркескен сөздер тобының сапасы» әртүрлі болып келетінін, және олардың бәрі сөз тіркесі ретінде қарастырылмайтындығын айтады. Ғалымдар кейде екі не одан да көп сөздер тіркесіп келіп бір **лексикалық түйдек** жасайды деп, мысалға *ақ қайың, боз торғай, кетіп бара жатыр* мысалдарын келтіреді. Сондай-ақ кейде екі не одан да көп сөз тіркесіп **синтаксистік тізбек** жасалады деп, *қарлы тау?, желсіз түн?, жыл сайын көріну?, саған бола келу?* мысалдарын берген. Осы аталған «лексикалық және басқа түйдекті тіркестер сөз тіркесі деген категорияға жатпайды» дейді (31-32). Ғалымдар лексикалық түйдек және синтаксистік тізбек деп ажырата қарастырады да, келесі бір тарауында барлығын түйдекті тіркестерге топтастыра береді. Сөз тізбектерінің лексикалық және синтаксистік болып бөлінуін С.Аманжолов еңбегінен табамыз. Ғалым (1994, негізі 1940 жылдары жазылған еңбек) сөздердің тізбектелуі деп «бірнеше сөздің бір мағына беріп тізбектелуін» атайды да, оларды **сөз тізбегі** деп атайды. Оны екіге бөліп қарайды: лексикалық тізбектер және синтаксистік тізбектер. Лексикалық тізбектерге екі не одан да көп сөзден құралған сөз топтарын кіргізеді: а) ат қора, ауыз үй, Алакөл, Арал теңізі ә) құр алақан, әпербақан, қоян жүрек, б) он бес, қырық алты, в) бірде-бір, ешнәрсе, г) көрсеқызар, алас ұрған, д) тырым-тырақай т.т. Синтаксистік тізбектерді төртке бөліп қарастырады: а) идиомдық қасиеті бар сөз тізбектері: а) көз салмайды, сөз өтпейді, ауыз бармайды, ә) фразалық тіркестер: қолы бос, көзі өткір, құлақ құрышы, б) үйірлі мүше болатын сөз топтары: аузы күйген, күні бойы кітап оқитын, әкесі Москвадан келген, таң ата, күн бата, в) сөйлемде күрделі мүше болатын сөз топтары, олар екі жолмен жасалады: а) шылаусыз жеке сөздерден құралатын күрделі мүшелер: бригадир болды, жығылып қала жаздады, барған жоқ екен, келмей тұрған кезде, ә) шылаулы күрделі мүшелер: таң атқан соң, ел тұрмастан бұрын, зерттеу үшін, оқыған сайын, театр туралы. Ескерту: ау, ақ, мыс, ғой, да, де шылаулар қосыла айтылған сөз күрделі деп саналмайды (65-66). М.Балақаев пен Т.Сайрамбаев (1997) түйдекті тіркестер тарауында осы аталған екі топты бірге қарап, *түйдекті тіркестер* деп атайды. Біздің пікірімізше, екі топты бір қарастыруға болмайды, себебі сөздердің тізбегін жасауға лексикалық та, синтаксистік та амалдардың қатысы бар. Айталық, *ауыз үй, ат қора* лексикалық мағынасы жағынан тұтасып бір ғана мағына беретін күрделі сөздер, ал *таң атқан соң* не *жүріп кетті* дегенде тіркескен шылау не көмекші етістік мезгіл не қимылдың тез арада іске асқандығын білдіретін грамматикалық мағыналарды білдіреді, ал олардың лексикалық мағынаға қатысы жоқ. Сондықтан *түйдекті тіркес* деген терминді қалдырып, оны іштей екіге лексикалық түйдекті тіркестер және синтаксистік түйдекті тіркестер деп қарастыруға болады.

Сонымен сөз тіркесі деп қандай сөздер тізбегін не тобын атаймыз? Синтаксисті зерттеушілер лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне бірі сабақтаса бағынып барып жасалған синтаксистік тобын ғана сөз тіркесі деп таниды. К. Аханов: «Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте

болатын толық мағыналы, кемінде екі сөздің тіркесі» (Грамматика теориясының негіздері, 1996). Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін мынадай белгілерін атайды (М.Балақаев, Т.Сайрамбаев):

1. Сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады
2. Ол сөздер бірімен бірі сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады.
3. Тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады (32).

Сөйтіп, синтаксистік қарым қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын *сөз тіркесі* дейміз.

К.Аханов сөз тіркесінің мына бір белгісіне ерекше назар аудартады. Сөздер зат-құбылыстарды, сапа-белгіні, қимыл-әрекеттерді атағанда, оларды бір-біріне байланысыңыз, қарым-қатынасыңыз тікелей дара күйінде атайды. Мысалы, *қар, ат, қара, сүйре* т.т. Бұл сөздер бір-біріне байланыссыз, жеке атаулар ретінде қабылданады, номинативті қызмет атқарады. Сөз тіркесі де затты не іс-әрекетті атап, номинативті қызмет атқара алады. Бірақ оларды жеке-дара күйінде емес, өзара байланысында, қарым-қатынасында атайды. Мысалы, *ақылды бала, қызыл алма* сөз тіркестерінде заттар өздерінің сапа-белгілерімен тығыз қарым-қатынасында, *кітап оқу, қар тазалау* сөз тіркестерінде заттар өздерінің қимыл-әрекетімен қарым-қатынасында, байланысында атлаған. Сөз тіркесінің сыңарларының бірі сапа-белгі не қимыл-әрекетті білдіру қасиетінен айырылса, ондай тіркес сөз тіркесі болудан қалып, күрделі сөзге айналады. Мысалы, *кәрі жілік, көр тышқан*. Алдыңғы сыңарлары (кәрі, көр) соңғы сыңарларының (жілік, тышқан) сапасын да, қасиетін де білдіруден айырылған. Күрделі сөздер сөздердің тіркесінен жасалғанда, сыңарларының арасындағы анықтауыш-анықталғыш, толықтауыш-толықталғыш, пысықтауыш-пысықталғыш қатынастар жойылып, күрделі сөз бір бүтін сөз ретінде ұғынылады. Ал сөз тіркестерінің сыңарлары арасында жоғарыда аталғандай синтаксистік қатынастар сақталып, ол сыңарлар бір-бірін анықтайтын, толықтайтын, пысықтайтын сыңарлар ретінде қызмет атқарады. (К.Аханов).

Сөз тіркесін фразеологиялық тіркеспен салыстырып, ерекшеліктерін атап өтеді. 202-206). (магистранттар өздері толықтырып оқиды)

Предикаттық қатынастағы сөздердің тіркестерін сөз тіркесі деп атаймыз ба жоқ па деген мәселеде әртүрлі пікірлер болды. *Атқа мінді* деген сөз тіркесін әрі сөз тіркесі, әрі сөйлем деп тану пікірі болған. (1971 М.Балақаев, Т.Сайрамбаев). К.Ахановтың бұған өз пікірі: «сөйлем мен сөз тіркесінің аражігін ажыратпауға, бір-бірімен араластырып жіберуге әкеп соғады», - дейді. Предикаттық қатынастағы сөздердің бір-бірімен байланысуын сөз тіркесіне жатқызбайтын ғалымдар да бар. Мысалы, орыс тіл білімінде О.Ахманова оларды сөз тіркесі деп атамай, предикативті конструкция немесе предикативті тізбек деп атауды ұсынған. (1955). Орыс ғалымдары дәлел ретінде сөз тіркестерінің арасында болатын бағыныңқы-басыңқы қатынастың предикаттық тіркесімдерде болмайтынын айтады. Предикаттық тіркесімдерде сыңарларының арасында бағыныштылық жоқ. Ал предикаттық тізбектерді сөз тіркесіне жатқызатындар предикаттық тізбектер де, сөз тіркестері де сөздердің бір-бірімен тіркесінен жасалады, предикаттық тізбек предикаттық емес сөз тіркесінен сөйлем бола алу қасиетімен ажыратылады деп есептейді.

3. Сөз тіркесінің құрамы еркін болады. Мысалы, *жас* сөзін көп сөздермен тіркестіруге болады. Мысалы, *жас жігіт, жас ағаш*. Осындай құрамын өзгертуге болатын сөз тіркестерін *еркін сөз тіркесі* дейміз. Сөздер кез-келген сөздермен тіркес құрай бермейді. *Жас*-пен тіркеспейтін сөздер де бар: *жас ой* т.т. Енді бір тіркестер құрамы өзгермейтін берік болады. *Тілін тигізу, жүрегі шайлығу, көз қырын салу* бұлардың құрамын өзгерте алмайсың, сондықтан олар *тұрақты тіркестер* деп аталады. Тұрақты тіркестер өз алдына сөз тіркесі бола алмайды, сөз тіркесінің сыңары ғана болады.

Сөз тіркесінің құрамы кемінде екі сөзден не сыңардан тұрады, ол сыңардың біреуі *бағыныңқы*, екіншісі *басыңқы* деп аталады. Басыңқы сыңар - сөз тіркесінің ұйытқысы, грамматикалық діндегі, ал бағыныңқы - басыңқыға мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да тәуелді сыңар. Талдау: *Даланың көркіне тамсанды*.

Сөз тіркесі құрамына қарай екі түрлі: *дара (жай) сөз тіркесі* және *күрделі сөз тіркесі*. *Дара сөз тіркесі* дегеніміз толық мағыналы екі сөзден құралатын тіркес, *күрделі сөз тіркесі* - екі сөзден көп, яғни лексикалық және синтаксистік түйдекті тіркестердің қатысуымен жасалатын сөз тіркесінің түрі. Мысалы, *баяу басады - баяу басып келеді, үйге беттеді - үйге қарай беттеді, жаңа домбыра - қос шекті домбыра*.

**Түйдекті тіркестер.** М.Балақаев пен Т.Сайрамбаев: «өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер түйдекті тіркестер деп аталады» (36). Толықтыру: Лексикалық және грамматикалық байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер **түйдекті тіркестер** деп аталады.

Түйдекті тіркестер:

- Күрделі етістіктер тобы:
  - а) аналитикалық етістіктер: Баламның үлкені Астанада оқып жатыр.
  - ә) есім мен көмекші етістіктерден құралған құранды етістіктер: Мұғалім ұсынысымызды қабыл алды.
  - б) Қосарлы сөздер (есімдер) тобы: өзімен-өзі, күннен-күнге, бірін-бірі, бірімен-бірі, жылдан-жылға, бау-бақша, ыдыс-аяқ т.т. Күннен-күнге жұмыс көбейіп барады.
  - в) Күрделі есімдер тобы. Бұл топтағы сөздердің бірінші сыңары ілік, барыс, шығыс септіктеріндегі есім болып, екінші сыңары көмекші есімдер немесе шылаулар болады. Бастық жұмыс басында болды. Қала үстіне біздің самолеттер келіп қонды. Отаным үшін жан пида. Телефон арқылы хабарластым.
  - г) Тұрақты тіркестер тобы. Талай боздақтар Отаны үшін көз жұмды.

Сөз тіркесінің морфологиялық құрылысы да қазақ тілінде ерекшеленеді. Сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңарларының үйлесіп келуінде екі түрлі ерекшелік байқалады (С.Аманжолов, К.Аханов). Бағыныңқы сөз басыңқы сөздің кейде мағынасына, кейде грамматикалық тұлғасына қарай сәйкесіп тіркеседі. Мысалы, *кітап оқыды, хат жаздық* сөз тіркестерінде бағыныңқы сыңарлар табыс септігінсіз жасырын тұлғада жұмсалған. Бұлай жұмсалуға *оқы, жаз* етістіктерінің сабақтастық мағыналары себепкер. Сол сияқты басыңқы сыңардың түрлі тұлғада өзгеруінің бағыныңқы сыңардағы сөзге еш әсері болмайды. Мысалы, *көрікті қыз, көрікті қыздың, көрікті қызбен* т.т. орыс тілімен салыстырыңыз.

Қазақ сөйлемінде сөздер екі түрлі жолмен тіркеседі: а) сөздер тізбектеліп бірімен бірі сатылана байланысады. Мсл: Шөптің шашылғанын жинап алуға да мұрша жоқ (Ғ.Мүсірепов), ә) сөйлемдегі сөздер бір басыңқыға ортақ болып тіркеседі. Мсл: Ушаков Байжанды шанасына мінгізіп алды (Ғ.Мүсірепов) - Байжанды мінгізіп алды, шанасына мінгізіп алды.

Сөздер белгілі бір синтаксистік тәсілдер арқылы байланысады. Оның екі түрі синтетикалық және аналитикалық. Олар:

1. Жалғаулар (синтетикалық). Кітаптарда төрт жалғау көрсетіледі, бірақ көптік жалғауының қатысы жоқ. Тек мына жағдайда: Сендер студентсіңдер. Тәуелдік жалғауының қатысы: біздің міндетіміз, үлкеннің батасы.
2. Шылаулар (аналитикалық). Балақаев пен Сайрамбаевта демеуліктер мен жалғаулықтар деп көрсетілген. Демеуліктердің қатысы?
3. Сөздердің орын тәртібі (аналитикалық). Биік үй, көк сия.
4. Интонация (аналитикалық)?

Байланысу формалары: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Қиысу сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының гр мағынасы мен тұлғасына сәйкес қиысып байланысу түрі.

Матасу ілік септігіндегі бағыныңқы сөздің тәуелдік жалғауындағы басыңқыға және керісінше басыңқының бағыныңқыға қарай тұлғаланып байланысуы. Көлдің жағасы, үйдің қабырғасы.

Меңгеру меңгерілетін сөз табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғауларының бірінде тұрып, меңгеретін сөз есім не етістіктен болатын байланысу түрі.

Қабысу бағыныңқы сыңардың басыңқыға ешбір жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысатын түрі. Қабыса байланысатын сөздердің көпшілігі орындарын өзгертпейді, жұбын жазбайды.

Жанасу сөздердің алшақ орын тәртібі арқылы байланысу түрі. Жанасуда сөздер орнын өзгертіп, өздері бағындыратын сөздерінен алшақ та тұрады.

1. Басыңқы сыңарда қай сөз табы болуына байланысты сөз тіркестері екіге бөлінеді: есімді және етістікті. Мысалы: *Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан*. Сұр бұлт, түсі суық бұлт, бұлт қаптайды, аспан (ды) қаптайды. Есімді сөз тіркестері матаса, қабыса және меңгеріле байланысады. Етістікті сөз тіркестері қабыса, меңгеріле және жанаса байланысады.

**Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері (ҚБЕСТ).** ҚБЕСТ бағыныңқы сыңарында зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, есімше, үстеу болады да, басыңқы сыңарында зат есім, субстантивтенген зат есімдер, сан есімдер жұмсалады.

Қабыса байланысқан зат есімді сөз тіркестері әртүрлі болып келеді. Зат есімдер дара түрде де, күрделі түрінде де қатысады: *алтын алқа, темір күрек, қалайы қасық немесе қамыс құлақ ат, қора қора қой*. Зат есімді қабыса байланысқан сөз тіркестері мынадай мағыналық қатынастарда жұмсалады:

- 1) Заттың неден, қандай заттан жасалғанын білдіреді: күміс білезік, түлкі тымақ, ағаш үй т.т.
- 2) Салыстыру, теңеу мағынасын білдіреді: тана көз, қамыс құлақ ат, құрыш білек т.т.
- 3) Бір затты басқа бір затқа арнау мағынасында жұмсалады: ат қора (?), шай кесе т.т.
- 4) Бір зат екінші затты мекеніне қарай анықтайды: тау теке, қалта сағат, төр бөлме, келбақа (?).
- 5) Заттың өлшемдік мағынасын білдіреді: саба қымыз, бір қора қой, екі елі қазы т.т.
- 6) Кәсіп, дәрежені білдіреді: шәкірт бала, ақын Сара, инженер жігіт т.т.

*Сын есімді қабыса байланысқан тіркестер:* сын есім мен зат есімдер қатысқан қабыса байланысқан есімді тіркестер көп кездеседі. Мағыналық қатынастары:

- 1) Заттың түсін көрсетеді: қара бояу, көк шөп, қоңыр үн т.т.
- 2) Затты көлемін білдіреді: үлкен үй, қысқа жіп, жалпақ жол т.т.
- 3) Адамның, заттың қасиет белгілерін: жақсы адам, ұрысқақ әйел т.т.
- 4) Заттың табиғи күйін қалпын: жылы жел, таусыз жер т.т.

Сын есімдер күрделеніп келіп бағыныңқы сыңарда жұмсалады: қара торы жігіт, үріп ауызға салғандай қыз т.т.

*Сан есімді тіркестер:*

- 1) Заттың нақты санын: жиырма оқушы, алты үй т.т.
- 2) Заттың болжалды шамасын: екі жүздей кісі, бес алты бала т.т.
- 3) Туынды сын есімдердің қатысуымен жасалады: екі шекті домбыра, екі аяқты велосипед, т.т.
- 4) Сан есімдер уақыт, мөлшер мағыналарын білдіретін сөздермен және *жасар, жастағы* сөздерімен тіркесіп те күрделеніп келеді: үш күндік жол, екі тонна көмір, бес жасар бала, он жастағы бала т.т.

(есімше, сілтеу есімдігі, үстеуді магистранттар өздері қарастырады)

**Матаса байланысқан есімді сөз тіркестері (МБЕСТ).** Ілік жалғауы жасырын да, ашық та жұмсалады. Екі сыңары көбіне зат есімнен келеді: *достың уәдесі, күннің сәулесі* т.т. МБЕСТ-де синтаксистік байланыс - анықтауыштық. Анықтауыштық қатынас әртүрлі:

1. Меншіктілік қатынасты білдіреді: менің кітабым, сенің үйің
2. Туыстық қатынасты білдіреді: ағамның ұлы, менің атам, Мараттың нағашысы
3. Табиғи байланысты білдіреді: айдың сәулесі, судың сылдыры, желдің жылдамдығы

4. Бөлшектеу, саралау мағыналарын білдіреді: студенттердің бесеуі, көпшіліктің жартысы
5. Сынды күшейте көрсетеді: жылқының жүйрігі, адамның ақылдысы

**Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері.** Бағыныңқыдағы сөз көлемдік септіктерде келеді. Мысалы: *Қазақтың жері кенге бай*. Етістікті меңгеріле байланысқан сөз тіркестеріне қарағанда есімді меңгеріле байланысқан сөз тіркестері сирек кездеседі. Мынадай сөз таптары жұмсалады:

1. Сын есімдер басыңқыда жұмсалады: қардан ақ, маған түсінікті, сөзге сараң, іске шебер.
2. Зат есімдер жұмсалады: білгенге маржан, білмеске арзан (?), кенге бай (?), Досан/ комиссияға мүше..
3. Бар, жоқ, көп, аз, мәлім, мүмкін тәрізді сөздер басыңқыда келуімен жасалады? Аспанда бұлт жоқ. Көпке мәлім. Сақтықта қорлық жоқ.(модаль сөздерді есімдер қатарында қарастырамыз ба?)
4. Сан есім мен есімдіктер басыңқыда аз жұмсалады: Басқада құлақ екеу болса, секретарьда төртеу (Ғ.Мүсірепов).

**Етістікті тіркестер.** Қабыса байланысқан және меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері.

**Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері.** М.Балақаев пен Т.Сайрамбаев бұл сөз тіркестерінің мынадай түрлерін көрсетеді: үстеулі сөз тіркестері; еліктеуіш с.т., көсемшелі с.т., сын есімді с.т., сан есімді с.т., зат есімді с.т.

**Үстеулі сөз тіркестері.** Көбіне мезгіл, мекен, амал үстеулері қатыса жасалады: Шойынқұлақтың кірпігі **зорға қимылдайды** (Ер Төстік). Интернет басылымдары **күрт көбейген**.

**Еліктеуішті сөз тіркестері.** Жаңбыр тамшылары терезеге тарс тұрс ұрады. Отпағы қара қазан **бұрқ бұрқ етіп қайнауда**.

**Көсемшелі сөз тіркестері.** Көсемшелі сөз тіркестері пысықтауыштық қатынастарды атап айтқанда қимылдың амалын, мезгілін, мақсатын білдіреді. Ол құрбысына **күле қарады. Көре көре көсем боласың.**

**Сын есімді сөз тіркестері.** Сын есімдердің етістіктермен тіркесуі сирек. Сын есімдер етістікпен тіркескенде қимылдың күйін, сапасын білдіреді. Ағашты **ұзын кес**, қысқартуың оңай. Бірін бірі **оңай түсінді**.

**Сан есімді сөз тіркестері.** Сан есімдер етістікті сөз тіркестерінің құрамында пысықтауыштық қатынаста жұмсалып, қимылды сандық сапа тұрғысынан пысықтайды. Жаңбыр **бір жауса**, терек **екі жауады**. Баяндамашы **он бес минут сөйледі**.

**Зат есімді сөз тіркестері.** Зат есімдер сабақты етістіктермен қабыса тіркеседі де, тура объектілік қатынаста жұмсалады. *Бос уақытында кітап оқитын. Қамбаға толтыра бидай төкті.* Айыра білу керек: сөз сөйле, дауыс бер, жол жүру т.т. бос уақытында кітап оқитын.

**Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері.** Етістіктермен меңгеріле байланысатын сөз тобы - есімдер. Есімдер етістікпен меңгеріле байланысу үшін табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде айтылады.

**Табыс жалғаулы сөз тіркестері.** Табыс жалғаулы сөздерді керек ететін етістіктер сабақты етістіктер. Тура объектілік немесе тура толықтауыштық қатынаста жұмсалады. **Бөлінгенді бөрі жейді** (Мақал). Қысы қатты болып келетін солтүстік өңірі **көктемді асыға күтеді**.

**Барыс жалғаулы сөз тіркестері.** Жанама толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады. Жанама объектілік қатынастағы сөз тіркестері қимылдың, процестің кміге, неге бағытталғанын (бағыттық) білдіреді. Тоқсандағы **Жамбылға** толқынлатып **сөз келді** (Жамбыл). Пысықтауыштық қатынастағы барыс жалғаулы сөз тіркестері қимылдың, процестің бағытын, мезгілін, мекенін, мақсатын білдіреді. Президент Жолдауын **талқылауға** депутаттар Павлодарға **келді**.

Шығыс жалғаулы сөз тіркестері. Жиі ұшырайтын тобы. Шығыс жалғаулы сөздер етістіктермен тіркесіп толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады. М.Балақаев пен Т.Сайрамбаев толықтауыштық қатынаста жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің төрт ішкі мағыналарын, пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын түрінің төрт ішкі мағыналық түрін көрсетеді (Қараңыздар: 90-93бб). Сарай қыш **кірпіштен салынған**.

Жатыс жалғаулы сөз тіркестері. Жатыс жалғаулы сөздермен тіркесетін етістіктер саны аз. Толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады. Объектілік қатынастағы сөз тіркестері қимылдың, процестің қандай заттың үстінде не қандай затпен байланысын, заттың кімде екенін білдіреді: Қазақстан азаматының құқығы **Конституцияда** көрсетілген. Пысықтауыштық қатынастағы жатыс жалғаулы сөз тіркестері мекен және мезгіл мағыналарын білдіреді. **Интернатта оқып жүр**, Талай қазақ баласы (Абай). **Жасымда** ғылым бар деп **ескермедім...** (Абай).

Көмектес жалғаулы сөз тіркестері. Объектілік және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады. Объектілік қатынас іштей құралдық, заттық, бірлестік, заттың неден жасалғанын білдіретін мағыналарға жіктеледі (Қараңыздар: 94-96бб). Күреппен қазды (құралдық). Шебер ыдысты оюлап **терімен қаптаған** (материалдық).

Шылаулы және көмекші есімді сөз тіркестерінің мағыналары септік жалғауларындағы сөз тіркестерімен сәйкес түскендіктен, олар меңгеріле байланысқан сөз тіркестері болып табылады. Дегенмен, мағыналары тең емес, айырмашылық бар. Мысалы: ауылға жүріп кетті, ауылға дейін жүріп кетті. Баланы **мектепке дейін жеткізіп салды**. **Оқу үшін** қалаға **келдік**. Көмекші есімдердің тіркесуі: Көздеген жерге **түн ішінде жетіп қалармыз**.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1991
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. - Алматы, 2009
3. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімі проблемалары. Алматы, 1982
4. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі синтаксисі. –Алматы, 1982
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 2010
6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- Алматы, 1996
7. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
8. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис.- Алматы, 1967
9. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002
10. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007